

климатом коллектива можно посредством формирования общественного мнения, о чем далее будет сказано подробнее [3].

Еще одним важным способом отражения главным образом эмоциональных состояний является эмпатия, т.е. интуитивное восприятие психических состояний другого или даже группы лиц. Для эмпатии характерно быстрое определение эмоциональных состояний и даже мыслей, намерений воспринимаемой личности. Здесь нет сознательного анализа, сопоставления и оценки различных данных, т.е. развернутого мыслительного процесса, включенного в восприятие. Способность к эмпатии объясняется тем, что у человека на основе жизненного опыта сложилась оптимальная программа расшифровки выразительных движений и вокальной стороны речи. Вот почему, как только поступает информация через сенсорную систему, так мгновенно, как в кибернетической машине, срабатывает «решающее устройство», и личность не только начинает сознавать, в каком состоянии находится общающийся с ней человек, но и испытывать сама подобное состояние. Конечно, у различных людей сформированы разные по качеству программы восприятия и оценки состояния другого. Поэтому одни мгновенно и безошибочно определяют мысли, состояния и даже намерения другого уже при однократном контакте с ним, в то время как другие постоянно ошибаются в оценке, как временных состояний, так и устойчивых свойств личности, даже при длительном общении с ней. Это и позволяет определить эмпатию не столько как умение, сколько как способность.

Отражение воздействий личности и коллектива отдельными людьми осуществляется разнообразными способами, характер сочетания которых определяется психическим складом каждого человека как итогом его жизненного пути и воспитания.

Итак, социально-психологический климат оказывает разностороннее влияние на личность: интеллектуальную, эмоциональную и волевою ее стороны. Если климат положительный, то он активизирует личность, повышая ее работоспособность и жизнеспособность. При отрицательном климате, наоборот, наблюдается снижение тонуса активности.

#### Литература

1. Парыгин Б.Д. Социально-психологический климат коллектива. Пути и методы изучения. - М.: Мысль, 2002. - 192с.
2. Лебедев Б.Н. Морально-психологический климат коллектива. - М.: Знание, 2004. - 64с.
3. Бойко В.В., Ковалев А.Г., Панферов В.Н. Социально-психологический климат коллектива и личность. - М.: Мысль, 2003. - 207с.

Карманова Ж.А., Манашова Г.Н., Аюпова А.Е, Исабекова М.  
*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### ОҚУШЫ МЕН ПЕДАГОГ АРАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІТЕР

Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады.[1]

Ғасырлар бойы адамзаттың ұлы ойшылдары кикілжіңсіз қоғамның теориялық үлгілерін құрып, кейде оны жүзеге асыруға тырысқан. Өкінішке орай, барлығы сәтсіздікпен аяқталып,

бұл одан да қатыгез тудыра бастады. Осының ішінде мектеп қабырғасында орын алатын кикілжіңдер көпшілікке мәлім.

В.А.Сухомлинский мектептегі конфликтілер жайлы былай деп жазады: «Педагог пен бала арасындағы, педагог пен ата-ана арасындағы, педагог пен ұжым арасындағы конфликтілік жағдайлар-мектептің үлкен қасіреті. Конфликт әдетте педагогтың бала жайлы әділетсіз ойлауынан туындайды. Балалар жайлы әділ ойлаңыз – сонда конфликт болмайды. Конфликтіден аулақ бола білу-педагогтың педагогтық көрегендігін құраушы бөліктердің бірі. Конфликтіні ескерте отырып, педагог ұжымның тәрбиелік күшін нығайтып, оның ауызбіршілігін сақтап қалады.[2]

Оқыту мен тәрбиелеу процесі басқа да даму процестері секілді қарама-қайшылықтар мен кикілжіңдерден тұрады. Мұғалім мен оқушы арасындағы кикілжіңдер қазіргі таңда жағымсыз сипатқа ие болып, шынайылықтың бөлігіне айналған. Психолог М.Рыбаковтың пікірінше, мұғалім мен оқушылар арасында төмендегідей кикілжіңдер орын алады:

- оқушы үлгерімі мен оқудан тыс тапсырмаларды орындауы бойынша туындаған іс-әрекеттер;

- мектепте оқушыны ережені бұзуға байланысты туындаған мінез-құлық (қадамдар);

- оқушылар мен мұғалім эмоционалды-тұлғалық қатынасында туындайтын қатынас.

Сонымен қатар кикілжіңдер төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Іс-әрекет кикілжіңі – оқушының оқу тапсырмаларын орындамаудан немесе нашар орындаудан туындайды. Бұл түрлі себептерге байланысты болуы мүмкін: оқу материалын меңгерудегі қиындық, кейде мұғалімнің орынсыз ескертуі.

2. Мінез-құлық кикілжіңі- мұғалімнің оқушының әрекетін талдауында, түрткілерді анықтамай, асығыс қорытынды жасауында туындайды. Мұғалім оқушылардың әрекеттерін түзету арқылы олардың мінез-құлқын түзетеді.

3. Қатынас кикілжіңі - педагог проблемалық ситуацияларды дұрыс шеше алмауында туындайды және ол ұзаққа созылады. Бұл конфликтілер мұғалім мен оқушылар арасындағы қатынасты ұзаққа дейін бұзып, олардың бір бірінен алыстауына әкеп соғады.[3]

Осының ішінде ерекше көрсете кететін- қатынас кикілжіңі деп есептеймін.

«Педагог-оқушы» жүйесіндегі көптеген конфликтілердің себебі оқытушының коммуникативтік яғни тілдік мәдениетінің төмендігі болып табылады.

Тілдік мәдениет жоғары болған жағдайда оқушының әлеуеттік мүмкіндіктерін (қызығушылық, қабілет, басқа да тұлғалық ерекшеліктер) есепке алу мен дамытуға бағдарланатын білім беру жүзеге асады. Бұл дегеніміз - коммуникативтік мәдениеті жоғары мұғалім, беріп отырған пәнін үйретудің заманауи мүмкіндіктерін ескеріп, оқушыларға білім беруде педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып отырған, жаңа педагогикалық шешімдер мен түзетулерді, жан-жақты қолдануды қарастырады. Сонымен бірге оқушылардың коммуникативтілік мәдениетін қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің мазмұнына, ұйымдастырылу формасына, әдіс-тәсілдеріне мән бере отырып, іс-әрекет тұғырын басшылыққа алуды ескереді.

Оқу іс-әрекетінің танымдық үрдісінде коммуникативтік мәдениет арнайы тіл танымдық білімдерді игерумен байланысты сөйлеу стилі мен типі, мәтін мен оның құрылымы, тілдік құралдар мен сөйлеу мәнерлілігін орынды қолдана білу, онымен қоймай оны қарым-қатынас жағдаятына еркін бағдарлану мен сөйлеудің бара-бар тілдік формасын таңдай алу мүмкіндігінің бар екендігін көрсетеді. Сондықтан да педагогтар әр айтқан сөзіне мұқият болуы тиіс. Қазақтың «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі» деген дана сөзінің өзі жоғарыда айтылғандарды меңзейді.

Білім беру үрдісінде ұстаз да, шәкірт те жеке тұлға болып қарастырылатын болды. Жеке тұлғаға жету үшін, әр оқушының қабілетін танып, біліп, дамытып, шыңдап, жөнсілтеп, адам дәрижесіне келтіру керек. Демек, оқушылармен қарым-қатынасқа түсерде коммуникативтік мәдениетті қолданған жағдайда ғана, білім сапасын арттыруға, мазмұнын байытуға, оқу үрдісін жетілдіруге, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік туады.[4]

Күрделі жағдайлар туындаған кезде кейбір мұғалімдер қатты сөздер айтып, оқушыны жазғырып, баланың отбасы жайлы,әсіресе нашар отбасынан шыққан балалар жайлы дөрекі пікірлер айтып, нашар қасиеттерін ерекшелеп, сыныптың алдында да ол баланың жеке басына қатысты намысына тиетін сөздер айтады. Менің ойымша осындай даулы мәселелер әлі де көптеп кездеседі. Ал бұл өз кезегінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Одан басқа да оқушылардың тарапынан жанжал, қасақана тәртіп бұзу, мысалы, себепсіз сабақтан қалу, үй тапсырмасына дайындалмау жағдайларының туындайтындығын айта кеткенім жөн.

Оқушылардың даралық ерекшеліктеріне тән жағымсыз қасиеттері мен мінез-құлқына орай туатын шиеленістер. Оқушылардың арасындағы ұшқалақ мінезді, қызу қанды айтқанынан қайтпайтын өжет, жан дүниесінің шеңбері тар, өзін құрбыларынан жоғары санайтын балалар да бар. Ондай балалармен қарым-қатынас жасау мұғалімдерге де, оңай тие қоймайды. Негізгі мақсаты, мінезі ерекше оқушылармен қалыпты қатынас орнатудың тиімді әдісін іздеп табу. Яғни, оларды ұжымдық өмірдің ыңғайына қарай бейімдетіп, басқа оқушылардың іс-әрекеттермен үйлестіру арқылы, шыдамдылық, тапқырлық көрсетіп, оқушыларымен тиімді қарым-қатынас орнатудың әдіс-тәсілдерін іздестіру. Мұғалім мен оқушылар арасындағы кездесіп отыратын наразылық пен дау-дамайдың туындау себептерін психологиялық тұрғыдан ашып көрсету маңызды деп санаймын. Мысалы, кейбір пән мұғалімдері өз сабақтарын қызықты етіп ұйымдастырып өткізді ал кейбір мұғалімнің сабақтарында оқушылардың бірсыпырасы енжарлықпен қатысып, кейбір реттерде оғаш қылық көрсетеді. Әдетте, мұндай сабақтарда мұғалім мен оқушылар арасында наразылық тууына себеп болады. Сонан келіп мұғалімдер мен оқушылар арасында дау-дамай туындайды. Өйткені, мұғалімнің сабақтағы білім дәрежесінің төменгі мен әдісінің шалалығы оқушылардың мұқтаж-тілектерін қанағаттандыра алмайды.[5]

Мұғалімнің мінез-құлқы өз мамандығының талаптарына сай болса, онда мұндай қолайсыз жағдай болмас еді. Қолдан келгенше өзара қақтығыстар мен реніштерді тудырмаған жақсы.

Сабақты талдап, оқушылардың оғаш мінездерін көрсетудің басты себептері неде екеніне келсек, біріншіден, мұғалім сыныпқа басшылық ету ролін көрсете алмады. Бұл оның даярлығындағы методикалық елеулі кемшіліктерді аңғартады. Екіншіден, мұғалімнің өз қызметіне немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Үшіншіден, оқушылардың бағдарламалық материалдарды тиянақты меңгеруінің тиімді жолдарын іздестірмеуі. Төртіншіден, оқушылардың мінез-құлқына байланысты көтермелеу мен кінәлау талаптарын да орындалмайды. Сөзі мен ісі бір жерден шықпайды. Содан келіп мұғалім мен оқушылар арасында дау-дамай етек алады. Өйткені, сабақта мұғалімнің білім дәрежесінің төмендігі мен әдісінің шалалығы оқушылардың мұқтаж-тілектерін қанағаттандыра алмады.

XXI ғасыр мұғалімі жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін, педагогтық, психологиялық білімін күнделікті ісінде шебер пайдаланатын, білім беру негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулитын, адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымын жұмысында көрсететін тұлға болу керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздермен керексіз терминдерді қолданбастан, әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек.Ең негізгісі әр мұғалім өзінің де бала болғанын ешқашан ұмытпағаны дұрыс. Ұрпаққа қалдырар мәңгілік байлық-білім мен тәрбие. Ал сол құндылық мұғалімнің уысында деп қорытындылағым келеді.

#### Әдебиеттер

1. ҚР «Білім туралы» заңы 2007 жыл, 27 шілде.
2. Қоңырбаева С.С.№ Отбасы: бала мен ата-ана. - А., 2006. - Б. 27.
3. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы, 1995.
4. Каргин С.Т., Айтжанова Р.М. Педагогикалық конфликтология.- Қарағанды, 2016.- 42с.
5. Мұқытова Ж.Қ. Педагогикалық шеберлік.Көкшетау, 2011.-22с.